

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ БҮГІНГІ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫМЕН ҮНДЕСТІГІ

*Мусафирова Сәуле Аяғанқызы,
Нурина Алмагүл Қабдуғалиқызы,
Бейсембаева Гүлмира Қаңтарбайқызы,
Сатубалдина Құралай Дастанқызы,
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№19 жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері, Қостанай қаласы*

Аннотация

Өзектілігі: Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа – адамгершілік – рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз – өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарасынан бүкіләлемдік тәлім тәрбиенің алтын діндегі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз.

Мақсаты: қоғамдық мүдделерді ұштастыра білетін, зиялы, адамгершілігі мол, денсаулығы мықты жеткіншек тәрбиелеу. Оқушылардың санасына туған халқына деген патриоттық сезім ұялатып, ұлттық рухты сіңіру. Сондай – ақ тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт дәстүрін меңгерту.

Түйінді сөздер: рухани, мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік, құнды

Аннотация

Актуальность: Ключевым вопросом на новом этапе образования – является нравственное и духовное воспитание подрастающего поколения. Приобретение и формирование духовно-нравственных качеств человека должно начинаться с рождения. Не зря люди говорят: «Дереву можно помочь вырасти ровным, когда его посадят, но когда это большое дерево, его нельзя выпрямить». Поэтому семья и педагоги играют решающую роль в воспитании у ребенка уверенности в себе, прививая ему с раннего возраста добродушие, доброту, милосердие, то есть нравственные ценности. С педагогической точки зрения Ибрая Алтынсарина мы видим, что золотое правило всеобщего образования отражает гуманистический подход к религии, где главным принципом считается доброе отношение к ученику, а так же сотрудничества между учителем и учеником.

Цель: воспитание умного, нравственного, здорового подростка, умеющего сочетать общественные интересы. Привитие в сознание учащихся национального духа и патриотических чувств к родному народу. А также усвоение языка и литературы, знание истории и искусства, уважение традиций и обычаев.

Ключевые слова: духовный, добрый, благотворительность, нравственный, ценный.

Abstract

Relevance: The key issue at the new stage of education is the moral and spiritual education of the younger generation. The acquisition and formation of spiritual and moral qualities of a person should begin from birth. It's not for nothing that people say, «A tree can be helped to grow even when it is planted, but when it is a big tree, it cannot be straightened.» Therefore, the family and teachers play a decisive role in fostering self-confidence in a child, instilling in him good nature, kindness, mercy, that is, moral values from an early age. From the pedagogical point of view of Ibrai Altynsarin, we see that the golden rule of universal education reflects a humanistic approach to religion, where the main principle is a kind attitude towards the student, as well as cooperation between teacher and student.

Goal: Education of an intelligent, moral, healthy teenager who knows how to combine public interests. Instilling in the consciousness of students of the national spirit and patriotic feelings for the native people. As well as the assimilation of language and literature, knowledge of history and art, respect for traditions and customs.

Keywords: spiritual, kind, charity, moral, valuable.

Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының тағдырына ерекше мән берген ұлы ағартушы-педагог. Ы.Алтынсарин педагогикасының мұраларының негізгі идеяларының бірі – адамның өзара қарым-қатынасы, жастарды еңбекке баулу. Өзінің барлық педагогикалық теориясында жас жеткіншектердің ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жиған бай тәжірибесін негізге алу қажет деген пікірді ұстанғандардың бірі Ыбырай. Оның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына әсіресе, қазақтың мәдениетін, өнерін терең білетін, ақыл – парасаты жоғары, сөзге шешен, елге сыйлы атасы Балғожаның ықпалы ерекше болды. Ыбырай бала жастан халықтық педагогикадан алған тәлім – тәрбиесін, үлгі – өнегесін көңіліне түйгендерін оқу ағарту істері арқылы қазақ балаларының бойына сіңдіре білді. Ы. Алтынсариннің ұлттық эстетикалық тәрбие проблемаларын қозғайтын арнайы еңбектерін жазып қалдырмағаны белгілі, бірақ Ы. Алтынсариннің ұлттық-эстетикалық тәрбиеге қатысты оның педагогикалық қызметінен көрініс тапты. Ы. Алтынсарин шығармалары халқымыздың салт-дәстүрі, әдет – ғұрыптарын сипаттайтын этнографиялық мәнде келеді. Ы.Алтынсарин жастарды оқу-білім, өнерге үндегенде құрғақ насихатқа ұрынбайды, айтпақ пікірін оқушы зердесіне сіңіру үшін әр түрлі ұстаздық амал тәсілдерді қолданады. [2,б.7]

Мектеп бағдарламасында Ы.Алтынсариннің шығармашылығын меңгертуге бірнеше сағаттар бөлінген. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршін «Кел, балалар, оқылық» өлеңін жаттап өссе, кейінгі сыныптарда ұлы ағартушының тәрбиелік мәні өте жоғары әңгімелері мен лирикаға тұнып тұрған өлеңдерін оқып-үйренеді. Үйреніп қана қоймай, сол туындылардың астарында жатқан адамгершілік асыл қасиеттерді бойларына сіңіріп өседі. Әр шығармасында Ы.Алтынсарин адамгершілікке сай келетін жақсылық істердің не екенін ашып беруге тырысады. Ол халық қамын ойлау, қоғам пайдасын өз жеке басының пайдасынан жоғары қою адамгершіліктің ең жоғары өлшемі деп санайды.. [4,б.3].

Бір аллаға сыйынып Кел, балалар, оқылық, Оқығанды көңілге Ықыласпен тоқылық! – деген өлеңінде білім алуға үндесе, екінші жағынан , өмірдің бір қызығы тек байлықта деп ұғатын, оқу, өнер, ғылым – білімге мін бермейтін кертартпа көзқарасқа соққы береді. Өмірде сарқылмас мол байлық – білім екендігін айта келіп, оған қол жеткізу үшін ерінбей – жалықпай еңбектенудің керектігін түсіндіреді. Өнерді үйрен, үйрен де жирен деп санаған халқымыз ұл қыздарының оң қолынан өнер тамған шебер болуына да мән берген.

Сиса көйлек үстінде, Тоқуменен табылған. Сауысқанның тамағы, Шоқуменен табылған, – деп педагогтік тәсіліменен балаға еңбек атаулыдан хабар аңғартады. Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы. Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осында, тек осы мектептерде ғана деп жазған болатын. Ы.Алтынсарин шығармаларында еңбекті сүю, білімдіден үйрену , талпыну, адамды сыйлау үгіттеледі.

Мұғалімнің бүгінгі таңдағы ұстанымы қалай жалғасуда? Мектептегі оқушыларға сапалы білім беру нәтижесі мұғалімнің ұстанымына байланысты. Ұстаным дегеніміз не?

(Психологтар «ұстаным» ұғымын адамның іс-әрекетке бейімділігімен байланыстырады. Социологтар оны жеке тұлғаның негізгі құндылығы есебінде атап көрсетеді). Оқыту үдерісінде қалыптасқан көзқарастар мұғалімнің сыныптағы барлық іс-әрекеттеріне әсер етеді. Мұғалімнің ұстанымы-оның көзқарасы, қабылдаған шешімі мен іс-әрекетінің негізі. Педагогикалық ұстаным – бұл педагогтың өзінің тәжірибелік іс-әрекетінде және мінез – құлқында басшылыққа алатын негізгі, бастапқы жағдайлары. Оқыту ұстанымдары – оқытудың мазмұнына, ұйымдастырылуына және әдістемесіне қойылатын талаптар жүйесін анықтайтын негізгі жағдайлар. [1,б.5]

Алтынсариннің пікірінше, педагогикалық жұмыстағы ең шешуші нәрсе: мұғалімнің ең жақсы оқыту әдістерін таба білуінде, балалармен дұрыс сөйлесе білуінде. Үлгілі жолға қойылған, дұрыс тәртібі бар жаңа типті мектеп оқушыларды қызықтырып, оларды мәдениетке, жұмысқа және ой еңбегіне үйретуге тиіс, олардың білімге деген ынтасын мейлінше арттыруға тиіс.

Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасының мазмұнының кешегі Ыбырай салған жолмен ілгері жылжуды бақылауға болады. Ыбырай Алтынсарин оқыту мен тәрбиелеуде негізгі тұлға мұғалім екенін ұғынып, сапалы білім беретін мұғалімдерді дайындау жолында жұмыс жасаған болса, бұл игі бастама әлі де күшін жойған емес, бүгінгі бағдарламада: «Мектеп әкімшілігі мен білім беру жүйесін басқару органдарының мұғалімдерді тиісті ресурстармен қамтамасыз ету қызметінен гөрі, оқушыларды тәрбиелеу, дамытуға бағытталған мұғалімнің сыныптағы күнделікті жұмысы оқыту үдерісі мен оқушылардың оқу нәтижелеріне көбірек ықпал етеді (Barber and Mourshad, 2007). Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім (Strong, Ward & Grant, 2011) [1,б.4]. Бүгінгі заман талабына сай білім беруде мұғалімнің алдына қойған басты мақсаты, өз мүддесі мен қоғамдық мүдделерді ұштастыра білетін, зиялы, адамгершілігі мол, денсаулығы мықты жеткіншек тәрбиелеу. Оқушылардың санасына туған халқына деген патриоттық сезім ұялатып, ұлттық рухты сіңіру. Сондай-ақ тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт дәстүрін меңгерту. Әр оқушыны дара тұлға деп танып, олардың бойына үнемі оқып үйренсем деген ізденімпаздық қасиет дарыту, оларға өздігінен білімдерін толықтырып тереңдету тәсілдерін жаңа технологиялармен, әдіс тәсілдермен байланыстыра отырып дамыту Ыбырай еңбегімен үндесіп жалғасын тауып отырған іс деп қарауымызға болады.

Алтынсариннің міндеттері мұғалім туралы нұсқаулары-олардың қалай оқу керектігі-оның өз заманындағы методиканы терең және жан-жақты білгенін көрсетеді. Ауызша әңгіменің ойлау мен жазбаша жаттығулардың көптеген әдістері туралы түсіндірмесінде ол балалардың әрбір еңбегінің құр босқа ойсыз жаттауға жұмсалмай, мағыналы және жүйелі болуы керек екенін жазды. Әрі қарай ол балаларды тәрбиелеуде үстіртін және мардымсыз түсініктердің, шалағайлықтың болмауы керектігін ескертті. Ол нашар оқыту мен нашар қарым-қатынас балалардың басын қатырып, шатастыратын ал, керісінше балалар сергек, олармен қарым-қатынас неғұрлым жақсы оқушылардың көңіл-күйіне әсер неғұрлым көп болса, сабақ соғұрлым табысты болатынын нақтылы мысалдар арқылы түсіндірді.

Оқу методтары мен балаларды оқыту тәсілдерін Ы. Алтынсарин мұғалімдерге олардың кең тәрбиелік мағынасында түсіндіретін. а) оқыту методтары- балалардың жүре келе мектепке, сабаққа кейіннен ғылымға, өз бетімен білім алуға құмарландыратын (ынталандыратын, ықыластандыратын) жол ә) сабақта балалардың ойлау қабілетін арттыратын жаттығулар қажет, мысалы, әңгіме, түсіндіру арқылы оқыту методы. Бұл көрнекілік заттарды және өмір фактілерін пайдалануға көмегін тигізеді: заттарды және құбылыстарды суреттеу, олардың қасиеттерін салыстыру, әр түрлі қортындылар жасау. Сондықтан да балаларда дұрыс ойлау қабілеті қалыптаса бастайды.

«Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасында балаларды оқыту тәсілдері тиімді оқыту, табысты оқыту, сындарлы оқыту тәсілдерімен жалғасын тауып отыр. Оқытудың бұл тәсілдерін қолдануда мұғалім оқушылардың оқуына мүмкіндік тудырады, оқу материалы және өзге де қажетті құралдармен қамтамасыз етеді, ал оқушылар өз кезегінде пән бойынша өз түсініктерін арттыруға ынталы болады – бұл жерде де ұлы ағартушының ұстанымының жаңа заман талабымен үндестігін көруімізге болады.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарасынан бүкіләлемдік тәлім тәрбиенің алтын діндегі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз.

«Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасында оларды жинақтап берілген топтамасын көруімізге болады. [3,б.5].

Ы. Алтынсариннің демократиялық-ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан көрініс тапты. Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған оқу

құралдарын жазып шығаруға арнаса, екіншіден, өнегелі ұстаз тәлімгер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Үшіншіден шығармаларында қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық өмірінде, болған саяси әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады. Ол кез келген шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнегелі, өнерлі азамат болуға, зиянды іс-әрекеттен, ұрлық зорлық жатып ішер жалқаулық сияқты жаман әдет жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырады.

Қазақ халқының келешегі тек өнер білімде деп түсінген Алтынсарин өз ойын іске асыруда түрлі тосқауыл, кедергілерге кездесті, бірақ оларды табандылықпен жеңе отырып, өз мақсатына жете білді.

Ұлы ұстаздың қандай да шығармасын алсаң да оқушысының санасын оятып, жасөспірімдерге үлгі-өнеге берерлік, болашақана жол сілтерлік, оларды іс-әрекетке үйретіп өмір танытарлық ой тастайды. Өнерге ұмтылу, Отанын, елін сүю, талаптылық, жігерлілік, ізденімпаздық, кішіпейілділік, махаббат қайырымдылық, адамгершілік, жинақылық тағы басқа осылар тәрізді жақсы мінез құлыққа тәрбиелеуге қажетті мәселелерді қамтиды.

Алтынсарин өз халқының игілігі үшін қажымай еңбек етіп, дарындылығын, мәдениетке қабілеттілігін дәлелдейді. Ол жастарды жарқын болашақ үшін қажымай күресуге, мәдениеттілікті қабылдап, ұғынуға жол көрсетті. Ол болашаққа деген сенімді қолдады.

Алтынсариннің педагогикалық тәрбие қиялдары мен мектеп системасы ғылым мен жалпы білімді жоғары бағалауға, балаға сүйіспеншілікпен қарап, оны қадірлеуге және өз халқының мүддесі үшін қызмет істей алатын жас адамдарды дайындауға негізделіп жазылған және де бүгінмен үндесіп, Мәңгілік еліміздің болашақ азаматтарын тәрбиелеуде зор үлесін қосып отыр десек қателеспейміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасы.
2. Ақылжанов М. Қазақ ағартушыларының қоғамдық саяси көзқарастарының қалыптасуы. – Алма-Ата, 1975.
3. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алма-Ата: Ғылым, 1990.
4. Жарықбаев Қ. Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы. – Алма-Ата, 1965.
5. Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология. – Алма-Ата, 1981.
6. Қоянбаев Б.Ж. Педагогика. Оқу құралы. – Алматы: Рауан, 1992.
7. Игнатъев Е.И. Психология в беседах с учителями. – Санкт-Петербург, 2001.
8. Макаренко А.С. Педагогикалық шығармалары. Т.5. – Москва, 1958.
9. Жарықбаев Қ. Ұстаздық еткен жалықпас. – Алматы: Мектеп, 1987.
10. Бастауыш мектеп. – №7, 2001.
11. Боданов Ж., Болеев К. Қазақтың халық педагогикасы. – Жамбыл, 1992.

Ы. АЛТЫНСАРИННИҢ «ӨСИЕТ ӨЛЕҢДЕР» ӨЗЕГІ МЕН ӨНЕГЕСІ

Мырзағалиева Күлзада
ф.ғ.к. қауым. профессор,
Оспанұлы Серікбай
ф.ғ.к. профессор

Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,
Қазақстан Республикасы, Қостанай қ.

Аннотация

Өзектілігі: Мақалада «Жасартқыш бұлақ» атты хикаялық дастан мен Ы. Алтынсариннің «Өсиет» өлеңдеріндегі ішкен адам жасарып, мәңгі жасайтын. Әбілхаят суы, «Әбілхаят» сөзінің мән-мағынасы түсіндіріліп, екі шығарманың бір-бірімен үндестігі әңгіме болады.